

**ЖЕКЕ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСТІРУШІ КОМИССИЯ
туралы болжамды ережесі**

I. Жалпы ережелер

1. Жеке еңбек дауды шешу жөніндегі келістіруші комиссия ұдайы әрекеттегі орган болып табылады, кәсіподақ комитеті мен ұйымдар әкімшілігінің тең сандағы өкілдерінен құрылады.

Келістіруші комиссия мүшелерінің саны әр тараптан ____ адамнан.

2. Кәсіподақ өкілдері комиссияға кәсіподақ мүшелері қатарынан кәсіподақ комитетінің қаулысымен, ал әкімшілік өкілдері – ұйым басшысының бұйрығымен бөлінеді.

3. Келістіруші комиссияның құрамы қызметкерлердің мәліметі үшін көрінетін орында орналастырылады.

4. Жеке еңбек дауды шешу жөніндегі келістіруші комиссия 3 жыл мерзіміне, яғни ұжымдық шартының немесе әлеуметтік серіктестік туралы келісімнің қолданыс мерзіміне құрылады. Осы мерзім ағымында тараптар комиссия құрамын құру үшін белгіленген тәртіпте өз өкілдерін ауыстыра алады, барлық өкілдердің құзыреттері комиссия құрылған мерзімнің аяқталуымен бірдей аяқталады.

5. Келістіруші комиссияның әр отырыста төрағаның және хатшының міндеттері кәсіподақ комитетінің өкілімен және жұмыс берушінің өкілімен кезек-кезегімен орындалады. Бұл ретте төраға мен хатшының міндеттері бір және сол отырыста бір тараптың өкілдерімен орындалмайды.

Комиссияның әр отырысында келесі отырыстың төрағасы мен хатшысы тағайындалады, оларға отырысты дайындау және шақыру жүктеледі.

6. Еңбек дауы жөніндегі комиссияны техникалық қызмет көрсету (іс жүргізу, істерді сақтау, отырыстар хаттамаларының үзінділерін дайындау және беру) жұмыс берушімен (кадр қызметімен) жүзеге асырылады. Ұйым басшысы комиссияға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс жүктелетін қызметкерді өз бұйрығымен тағайындайды.

7. Келістіруші комиссияның іс жүргізуі істер номенклатурасының ерекше бөлімінде жалпы іс жүргізуден бөлек жүргізіледі.

II. Келістіруші комиссияның қарайтын мәселелері

8. Келістіруші комиссия қызметкерлер мен жұмыс берушінің арасында туындайтын жеке еңбек дауын қарау бойынша міндетті сотқа дейінгі алғашқы орган болып табылады. Келістіруші комиссия туындайтын жеке еңбек дау-жанжалдардың барлығын ешқайсысын қалдырмай қарауға құқылы.

9. Келістіруші комиссия еңбек заңнамасын, ұжымдық шартты, келісімдерді және өзге де локалды құқықтық актілерді, еңбек шарттарын қолданумен байланысты, соның ішінде мыналарға қатысты қызметкерлердің дауларын қарайды:

- 1) жалақыны төлеу;
- 2) басқа жұмысқа ауысу және бақа жұмыс орнына ауысу;
- 3) еңбекақыны төлеу, соның ішінде лауазымдарды қоса атқару, қызметте жоқ қызметкерді уақытша ауыстыру, қоса атқару, үстеме, түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері жұмысқа;
- 4) қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйесімен көзделген қызметкерге тиісті сыйақыны алуға және мөлшеріне құқығы;
- 5) өтемақыны төлеу және кепілдік беру;
- 6) қызметкердің жалақысынан ұсталған ақшалай сомманы қайтару;
- 7) демалыстарды беру;
- 8) арнайы киімді, арнайы аяқ киімді, жеке қорғаныс заттарын, емдік-профилактикалық тамақты беру.
- 9) жұмысқа заңсыз ауыстырылғанға байланысты лажсыз жұмыссыз жүрген уақыты үшін жалақыны немесе төмен ақы төленетін жұмысты атқарған кездегі жалақысының айырмашылығын төлеу;
- 10) жалақыны, еңбекақыны төлеу жүйесімен көзделген үстемеақыны қоса өндіру;
- 12) тәртіптік жазаларды қолдану;

13) еңбек шартын жасасу немесе өзгерту туралы мәліметтерді еңбек кітапшасында дұрыс емес немесе нақты емес жазулар, егер бұл жазулар бұйрыққа (өкімге) немесе өзге де заңнамада көзделген құжаттарға сәйкес келмесе.

14) жұмыста қайта орналасу, жұмыстан шығу күні мен себептерін өзгерту туралы;

15) келтірілген материалдық зиянның орнын толтыру;

16) жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимін сақтау;

17) аттестаттау комиссияларының шешімдерін жою туралы;

Келістіруші комиссия еңбек заңнамасын, ұжымдық және еңбек шарттарын, жұмыс берушінің актілерін қолданумен жеке еңбек дауларын қарау бойынша міндетті орган болып табылады.

III. Еңбек даулары бойынша комиссияның жұмыс тәртібі

10. Еңбек дауы егер қызметкер ұйым әкімшілігімен тікелей сөйлесу кезінде келіспеушілікті реттей алмаса комиссиямен қаралады.

11. Комиссияға түскен өтініштерді қабылдау жұмыс берушімен жүргізіледі, жалдаушының есебінен және бланкіде еңбек даулары бойынша комиссия атынан ұйымдармен және азаматтармен хат алмасу (шақыртуды жіберу, жауап беру және с.с.) жүргізіледі. Комиссияның жұмысы бойынша барлық шығыстарды Жұмыс беруші көтереді.

12. Қызметкерлер еңбек даулары бойынша келістіруші комиссияға өтініш жасай алады:

- жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша – бір ай ішінде жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы актінің көшірмесін берген күннен бастап;

- басқа да еңбек даулары бойынша – бір жыл ішінде қызметкер немесе жұмыс беруші өзінің құқығының бұзылғаны туралы білгенін немесе білуі тиіс болған күннен бастап. Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі өтініш жасау мерзімінің ағымы қаралатын еңбек дауы бойынша медиация туралы шарттың қолданысы кезеңінде, сондай-ақ оның құрылғанына дейін келістіруші комиссияның болмаған жағдайда тоқтатылады.

Дәлелді себептер бойынша белгіленген мерзімді өткізген жағдайда еңбек даулары жөніндегі комиссия оны тоқтата алады.

13. Еңбек даулары бойынша келістіруші комиссия өтінішті тіркегеннен күннен бастап 15 күн мерзімінде еңбек дауларын қарауға міндетті.

14. Қызметкер өтініші бойынша еңбек дауы қаралса ол кешіктірмей үш күн бұрын комиссия отырысына шақырылады.

15. Еңбек дауы бойынша комиссия отырыстары комиссия мүшелері, мүдделі қызметкер, сондай-ақ куәгерлер мен шақырылған мамандар мен сарапшыларға ыңғайлы уақытта олардың отырысқа қатыса алатындай уақытта өткізіледі.

16. Барлық даулар еңбек даулары бойынша келістіруші комиссиялармен өтініш берген қызметкердің қатысуымен қаралуы тиіс. Дауды сырттай қарау қызметкердің жазбаша өтініші бойынша ғана қаралуына жол беріледі.

Қызметкердің комиссия отырысына келмеген жағдайда оның өтінішін қарау келесі отырысқа қалдырылады. Қызметкер екінші рет себепсіз келмей қалған жағдайда Комиссия бұл өтінішті қараудан алып тастау туралы шешім шығарады, ал бұл қызметкерді тағы да өтініш жасау құқығынан айырмайды.

17. Еңбек даулары бойынша келістіруші комиссия отырысқа куәгерлерді шақыруға, жеке адамдарға техникалық және бухгалтерлік тексерулерді жүргізуді тапсыруға, әкімшіліктен құжаттар мен есептерді ұсынуды талап етуге, сұрауларды жіберуге және мемлекеттік пен жоғары тұрған кәсіподақ органдарының консультацияларымен пайдалануға құқылы.

18. Еңбек даулары бойынша комиссияның отырысы басында мүдделі қызметкер отырысқа қатысатын комиссияның кез-келген мүшесіне дәлелді қарсылықты жариялауға құқылы. Бұл жағдайда дауды қарау комиссия белгілеген басқа уақытқа ауыстырылады.

19. Қарсылықты қанағаттандыру туралы мәселе шешіледі:

а) әкімшілік өкіліне қатысты — ұйымның басшысымен;

б) кәсіподақ өкіліне қатысты — кәсіподақ комитетімен.

Басшы бұйрық шығарады, ал кәсіподақ комитеті шешім қабылдайды, ол бойынша қарсылық туралы өтініш қанағаттандырылады немесе қанағаттандырылмайды. Шығарылған комиссия мүшесінің орнына бақа өкіл бөлінуі мүмкін.

Қарсылық тек осы қызметкердің өтініші қарау бойынша комиссия отырыстарына ғана жарамды.

20. Еңбек даулары бойынша келістіруші комиссия егер оның отырысына комиссияның барлық мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса ғана шешім қабылдауға құқылы.

Еңбек даулары бойынша комиссияның шешімдері отырысқа қатысатын кәсіподақ комитетінің барлық өкілдері мен әкімшілік өкілдері арасында келісім бойынша қабылданады, міндетті күші бар және қандай да бір бекітуді қажет етпейді.

Комиссия шешімдері қолданыстағы заңнамасында, ұжымдық және еңбек шарттарында, келісімдерде, ережелерде, қағидалар мен нұсқауларда дәлелденуі мен негізделуі тиіс.

Ақшалай талаптар бойынша комиссияның шешімдерінде қызметкерге тиісті нақты сомма көрсетілуі тиіс.

Келістіруші комиссияның шешімі екі жұмыс күні ағымында Жұмыс берушіге және өтініш иесіне жолданады.

21. Еңбек даулары бойынша комиссияның әр отырысында міндетті түрде хаттама жүргізіледі. Хаттамаға отырыс аяқталғаннан кейін төрағамен және хатшымен қол қойылады. Комиссия отырысының хаттамасында келісімге қол жеткізбеген жағдайда әр тараптың ұсынысы баяндалады және келісім жасалмады деп белгіленеді.

Хаттамаға тексерулердің материалдары, жазбаша түсініктемелер, қорытындылар, хат алмасулар және дауды қарау барысында комиссиямен алған өзге де құжаттар қоса беріледі.

22. Егер еңбек даулары бойынша комиссияда дауды қарау кезінде кәсіподақ комитетінің өкілдері мен әкімшілік өкілдері арасында келісімге қол жеткізілмесе, қызметкер дауды шешу туралы сотқа өтініш жасауға құқылы.

23. Комиссия шығарған еңбек дауы бойынша шешіммен қызметкер келіспеген жағдайда қызметкер еңбек дауын шешу туралы сотқа өтініш жасай алады.

IV. Еңбек даулары бойынша комиссияның шешімдерін орындау тәртібі

24. Еңбек даулары бойынша комиссияның шешімі шешімде көрсетілген мерзімде әкімшілікпен орындауға жатады. Жұмысқа қайта алу туралы шешім дереу орындалады.

25. Бұрынғы жұмысқа қайта алынған қызметкерге лажсыз жұмыссыз жүрген уақыты үшін орташа табысы немесе заңсыз басқа жұмысқа ауыстырған кезде төмен ақы төленетін жұмысты атқарған кездегі жалақысының айырмашылығы төленеді, бірақ бұл алты айдан аспауға тиіс.

26. Жұмыс берушімен жұмысқа қайта алдырту туралы шешімді кешіктіру кезінде келістіруші комиссия қызметкерге орташа табысы немесе шешімді орындауды кешіктірген кезі үшін жалақысының айырмашылығы төлеу туралы шешімді шығарады.

V. Жеке даулар бойынша шешімдерді шығару және орындау тәртібі

27. Заңсыз ауыстырған, орнын алмастырған, еңбек жағдайларын елеулі өзгерткен немесе жұмыстан шеттеткен жағдайда бұрынғы жұмыста, бұрынғы жұмыс орнында қайта алдыртуға жатады және оған бұрынғы маңызды еңбек жағдайлары қайта қалпына келтіріледі.

Орнын ауыстыру өндірістік, ұйымдастыру немесе экономикалық себептермен шарттасуы тиіс.

Кезметкерді ауыстыру және орнын алмастыру, соның ішінде қызметкердің келісімімен жүргізілген болса медициналық қорытындысына немесе заңнаманың талаптарына (қызметкерлердің жекелеген санаттарының, әсіресе әйелдер мен кәмелетке толмағандардың еңбегін қолдануға тыйым салу) сәйкес оның денсаулық жай-күйі бойынша қарама қайшылығы болса заңсыз болып есептеледі.

Қызметкердің заңды бұзумен ауыстырылған жұмысқа кіріспеуге бас тартуы себепсіз жұмысқа шықпауы болып танылмауы тиіс.

Негізделген өндірістік, ұйымдастыру немесе экономикалық себептерді растайтын дәлелдемелер болмаған жағдайда еңбектің елеулі жағдайларын өзгерту заңсыз болып табылады.

28. Жұмысқа қайта алдырту туралы шешім шығарған кезде еңбек даулары бойынша комиссия қызметкерге лажсыз жұмыссыз жүрген уақыты үшін орташа табысын немесе төмен ақы төленетін жұмысты атқарған кездегі жалақысының айырмашылығын төлеу туралы бірқатар шешім қабылдайды.

29. Қызметкерге тәртіптік жаза шарасын қабылдау туралы дауды шеше отырып, еңбек дауы жөніндегі комиссия заңсыз салынған немесе теріс қылықтың ауырлығына сәйкес келмейтін жазаны жоя алады.

Алайда комиссия бір жаза шарасын басқа шарамен ауыстыра алмайды, өйткені ҚР ЕК 65-бабына сәйкес тәртіптік жаза шарасын таңдау құқығы Жұмыс берушіге жатады.

30. Басқа жұмысқа заңсыз ауыстырылған қызметкерді жұмысқа қайта алдырту туралы шешім дереу орындауға жатады.

31. Ақшалай сомманы өндіру туралы дауды қарау кезінде келістіруші комиссия қызметкерге төленбеген және заңсыз ұсталған соммаларды келістіруші комиссияға өтініш жасағанға дейін үш жылдан аспайтын кезеңге қайтару туралы шешім қабылдай алады.

32. Жұмыс берушіден өндірілген соммалар қызметкерге жалақыны төлеу үшін белгіленген мерзімде комиссия шешім шығарған соң төленеді.

VI. Еңбек даулары жөніндегі комиссия мүшелерінің жұмыс кепілдігі

33. Еңбек даулары жөніндегі комиссия құрамына сайланған қызметкерлер комиссияның жұмыс жасау кезінде орташа жалақы сақталады.

34. Жалдаушының бастамасы бойынша еңбек даулары жөніндегі комиссия мүшелеріне тәртіптік жазаларды салу және жұмыстан шығару (егер олар кәсіподақ мүшелері болып табылса) кәсіподақ комитетінің алдын ала келісімімен ғана жол беріледі.

35. Еңбек даулары жөніндегі комиссия мүшелерімен еңбек шарттарын жасасу (ұзарту) олардың құзыреті мерзімінен кем емес мерзімге жол беріледі.

(Ұжымдық шартқа қосымшамен енгізіледі)